# Өнермен өскен «Өркен» театры

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде студенттердің театрда өнер көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуына мүмкіндік берілген. Білім ордасында осы бағытта «Өркен» студенттік театры жұмыс істейді. Алғаш 2010 жылы «Өркен» театрының негізі қаланды. Басты атқаратын міндеті – жастардың шығармашылық таланттарын шыңдау. Театр құрамында театрдың көркемдік жетекшісі, режиссері әрі «Өнер» кафедрасының аға оқытушысы Жолдасов Еркебұлан, музыкалық көркемдеуші Мүтәлі Әбдікерім, техникалық жетекші Әділханов Нұрсұлтан есімді азаматтар.**



Өнер ұжымында көптеген жас буын өкілдері де бар. «Өркен» студенттік театры алдағы уақытта халықаралық театр фестиваліне қатыспақшы екен.

– Бізде алда халықаралық театр фестиваліне қатысу жоспары бар. Не Ресей, не Түркия мемлекеті. Қайсысы бұйырады, соған барамыз. Әрі қазір Алматы қаласындағы XVI-шы пәндік олимпиадаға да дайындық басталды. Наурыз айында «Киноарт-2024» Халықаралық кинофестиваль ұйымдастырамыз. Ал, мамыр айында жеңіс күніне орай С.Жүнісовтың «Жаралы гүлдер» және Алаш қайраткерлерін еске алуға арналған М.Омарованың «Ақтастағы Ахико» қойылымдары қойылады, – дейді театр мүшелері.

Студенттерден құралған «Өркен» театрының жеткен жетістіктері біршама. Атап айтсақ, театр-студиясы 2010 жылдың ақпанында қалалық «Балөнер» театр-ұжымдары арасындағы байқауда дипломант болса, 2011 жылдың ақпанында өткен осы байқаудан «Үздік режиссура» атағына ие болды. 2016 жылы Ақтөбе қаласында өткен республикалық «Балауса» жастар театрлары фестивалінде «Үздік классикалық образдар» номинациясының жеңімпаздары атанды. 2020 жылы Түркістан қаласында өткен Халықаралық «Turkestan Music Festival» сайсының Бас жүлде иегері, 2023 жылы Алматы қаласында өткен «Студент және сахна» Республикалық студенттік театрлар фестивалінің «Бас жүлде» иегері атанды.

Биыл Алматы қаласында Абай атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Студент және сахна» атты республикалық студенттік театрлар арасындағы фестиваль өтті. Фестивальге Шымкент қаласының атынан «Өркен» студенттік театры М.Әуезовтың «Көксерек» қойылымымен барып, Бас жүлдені иеленді. Сондай-ақ, театрдың қойылымы «Үздік режиссура» номинациясын да жеңді. Және қойылымның басты рөліндегі Елшібек Шұғылы атты актриса фестивальдің «Үздік актрисасы» дипломына ие болды.

Аталған фестивальдің қазылар алқасында елімізге белгілі кино және театр әртістері: Ерден Жақсыбеков, Гүлнұр Мыңғатова және тағы да басқалар болды. Осы ретте театр ұжымы фестивальге қатысып, жастардың мерейінің үстем болуына бірден бір себепкер болған – М.Әуезов атындағы ОҚУ басшысы Қожамжарова Дария Пернешқызына үлкен алғыстарын білдіреді. Театр студенттерінің көздеген арман-мақсаттары, ұстанымдары бір, барлығының да театр өнеріне деген құрметтері ерекше.

– Театрға режиссура мамандығына түскендіктен бізде оқуда «Өркен» театры бар екендігі айтылды. Солайша біз қызығып, тобымызбен бірге театр әлеміне келдік. Театрдың қызығы мен шыжығы бірдей жүреді. Театр тек өнерде емес, өмірде сені шындай білетінімен ұнайды, – дейді ОҚМПУ-дің 3-курс студенті Санжар Тұрғынбек. Шығармашылық орта студенттерге жаңа орта ғана емес, жылы естеліктерді де сыйлайды. Әрбір қойылымның өз тарихы мен қызықты оқиғалары бар. Осы ретте студенттер естерінде қалған ерекше қойылымдармен бөлісті.

– «Көксерек» қойылымы ерекше есте қалды. Бұл қойылым мені шыңдады десем де болады. Сахнада соңғы көрінісімді ойнап жатқан едім. Көксерекке нан беретін сәт келді. Барсам нан орнында жоқ! Сахнаның арғы жағына шығуға мәжбүр болдым, шыққаным сол-ақ еді, алдымнан бір тостақ бауырсақ алып кетіп бара қызды көріп, қолынан рұқсатсыз жұлып алдым. Қайтадан сахнаға шығып, ойнап кеттім. Бұл болған оқиғаны ешкімге айтпадым. Нәтижесінде бас жүлде алдық, – дейді ОҚМПУ-дің 2-курс студенті Жасұлан Рахишев.